



Ұлы Абайдың мерейтойына арналған **КӨРМЕ**



**2**  
бет

**СПЕЦИАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГ-ЛОГОПЕД**



**3**  
бет

**«Студент және САХНА»**



**4**  
бет



№01-02  
(246-247)

ақпан  
февраль

**2025**

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

## ТҰРАҚТЫЛЫҚ РЕЙТИНГІ – QS Sustainability 2025

10 желтоқсанда 107 ел мен аумақтан 1743 университет қатысқан кезекті QS Sustainability рейтингісінің нәтижелері жарияланды. Әлемдік рейтингтің шыңында Торонто университеті (Канада), Цюрихтің Швейцариялық жоғары техникалық мектебі және Лунд университеті (Швеция) тұр. Аталмыш рейтингке Қазақстанның 10 қаласынан 17 жоғары оқу орны қатысып, оның ішінде 5 университет рейтингке алғаш рет қосылуда.

Қазақстанның жоғары оқу орындары «Басқару моделі» көрсеткішінде озық нәтижелерді көрсетуді жалғастыруда, бұл көрсеткіш тиімді басқарумен байланысты факторларды ескереді, мысалы, этикалық стандарттарды сақтау, қызметкерлерді таңдау және жалдау кезінде озық тәжірибені пайдалану, шешім қабылдау қағидаттарының ашықтығы және т.б.

Абай атындағы ҚазҰПУ Қазақстанда 6-орында, Азияда 404-орында және әлемдік деңгейде 1201-1250 орындар арасында орналасқан. Бұл рейтингке қатысу арқылы университет тұрақты даму мақсаттарына деген адалдығын көрсетеді және болашақта үш негізгі бағыт бойынша нәтижелерін жақсартуды жоспарлап отыр: қоршаған ортаға әсері, әлеуметтік ықпал және басқару моделі.



Стратегия департаменті

## «ӘЛЕМНІҢ БАҚЫТЫН СЫЙЛАДЫҢ СЕН МАҒАН»



7 наурызда Абай атындағы ҚазҰПУ Әлеуметтік және жастар саясаты жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен оқу орнының арулары мен аяулы аналарына арналған «Әлемнің бақытын сыйлаған - Ана» атты салтанатты мерекелік кеші өтті.

8 наурыз - халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай өткізілген шараға Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілеп бастаған басқарма басшылары, профессор-оқытушылар құрамы және университет қызметкерлері қатысты.

Салтанатты жиын шымалдығы университет ректоры Болат Тілептің құттықтау тілегімен түрілді. «Білімнің қара шаңырағы саналатын ұлттық университетіміздің ұрпақ тәрбиесінде сіңірген еңбегі ұшан-теңіз деп білемін. Ұлағатты ұстаздарымыз ұл-қыздарға сапалы білім ғана емес, саналы тәрбие беру жолында да аянбай тер төгіп келеді. Бұл тұста әрине, оқу орнындағы әйелдер қауымының қызметі орасан зор. Отбасының ұйытқысы болып қана қоймай, мемлекеттік қызметке, саясатқа және қоғамның тағы басқа салаларына белсенді араласып, абыройлы еңбек етіп жүрген барша қадірлі ұстаздарымызды және әйелдер қауымын осынау әдемі мерекені құттықтаймын. Шәкірттеріңіз биік шыңдардан көрініп, абыройларыңыз арта берсін!», - деді ректор.

Мерекелік шара оқу ордасына лайықты түрде еңбегі сіңіп келе жатқан нәзік жандыларды марапаттау рәсімімен жалғасты. Абай университетінің бірнеше оқытушысына Басқарма төрағасы - ректордың «Айырықша еңбегі үшін» төсбелгісі табысталса, тағы бірнеше қызметкер «Құрметті қызметкер», «Үздік қызметкер», «Үздік ұстаз» төсбелгілерімен, Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттармен марапатталды. Салтанатты жиын күтпеген тосын сыйларға толы өтті. Университеттің цифрландыру жөніндегі проректоры Нұркен Мырзабаев, зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Ертау Султан, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Мақсат Жақау аруларға арнап әсем әннен шашу шашты. Ал, жігіттер қауымы залда отырған нәзік жандыларға көздің жауын алатын, түрлі-түсті қызғалдақтарды тарту етті.

Концерттік бағдарлама барысында профессор-оқытушылар құрамы әртүрлі өнерлерін ортаға салып, кештің сәнін кіргізді. Аяулы аналар мен сұлу қыздардың құрметіне қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары - Дидар Кәден, Роман Майғазиев әсем әуендерін арнап, көрермендерге ерекше шабыт пен эмоция сыйлады.

Көңілді кеш соңы қазақтың қара домбырасында «Made in KZ» тобының орындауындағы хит әнге жиылған көпшілік көрерменнің әдемі вальсі ерекше үйлесім тауып, «Ана туралы жыр» әнін өнерпаздармен бірге қосыла шырқауымен аяқталды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ АЛМАТЫ ФИЛИАЛЫНА ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ



Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Алматы қалалық филиалының төрағасы болып Болат Анапияұлы Тілеп тағайындалды, деп хабарлайды Egemen.kz.

Болат Анапияұлы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректор. Мемлекеттік қызметтерде, білім саласында мол тәжірибесі бар білікті ұйымдастырушы.

«Жаңа төраға Алматы қалалық филиалының жұмысын жандандырып, ана тіліміздің дамуына үлес қосады деген сенімдемін», деді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы.

Қоғам президенті ұзақ жылдардан бері «Қазақ тілі» қоғамы Алматы қалалық филиалын басқарып келген Құсман Шалабаевқа тілімізді өркендету жолындағы атқарған жұмысы үшін алғысын білдірді.

## «ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК...» (профессор Бәлия Айтмамбетованың 100 жылдығына арналады)

Аталмыш мақала, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Жаратылыстану және география» факультетінде дәріс оқып сабақ берген жан-жақты жарасымды жан профессор Б.Р.Айтмамбетова апайымыз жайлы. Бәлия Рахметқызы, 1924 жылы Сыр бойы жерінде дүниеге келген. Алматы қаласындағы №12 қазақ орта мектебін бітірген соң Қаз.ПИ-ге оқуға түсіп, оның физика факультетін 1946 жылы бітіреді. Алғашында осы оқу орнының дайындық бөлімінде сабақ береді. Кейіннен педагогика кафедрасы жанындағы аспирантураға қабылданып, оны сәтті тәмамдаған соң 1952-1954 жылдар аралығында Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. 1954 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап 1998 жылы құрметті демалысқа шыққанға дейінгі аралықта Бәлия апайымыздың бүкіл ғибратты ғұмыры оқу орнымыздың «Педагогика» кафедрасында ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор лауазымында қызмет атқарумен өтті. Апайымыздың осы табандатқан 44 жыл бойғы ұстаздық қызметіне келсек, оның басым бөлігі өткен «Жаратылыстану және география» факультетіндегі оқу ісіндегі, студент жастардың тәлім-тәрбиесі мен қоғамдық жұмыстарындағы атқарған теңдесі жоқ қажырлы еңбегімен ерекшелінеді.

Бәлия апайдың бастамасымен факультетімізде – «Халық университетінің» мұғалімдік кәсіпке баулу секциясының жұмысы жанданып, «Жас алтынсариншілдер» қозғалысы етек алуымен бірге «Кел қыздар сырласайық» атты клубы өз қызметін ойдағыдай атқарды. Студенттердің осынау педагогикалық және ғылыми қоғамдары мен клубының жұмыстары факультетімізде Ә.С.Бейсенова сынды көрнекті ғалымдар және куратор-тәлімгерлермен бірлікте жүргізіліп, ондағы ұйымдастырылған қыруар іс-шаралар мен олардың нәтижелері тәжірибе алмасу бағытында басылым беттерінде жарияланып тұрды. 1990 жылдары профессор Б.Р.Айтмамбетованың басшылығымен студенттердің «Қайырымдылар отряды» құрылып, олар тастанды балалар мен қарттар үйлерінде педагогикалық ізгіліктегі қамқорлық іс-шараларды жүзеге асырумен айналысты. Ұлағатты ұстаз, студенттердің дипломдық-курстық жұ-

Басы. Жалғасы 3 бетте

## Abai University: ҚЫСҚЫ МЕКТЕП-2025 ҚОРТЫНДЫЛАДЫ

Абай атындағы ҚазҰПУ-да Қысқы мектеп - 2025 семинары үш бағытта өтті. Әуелгі секция «Әкімшілік қызметтегі инновациялық стратегиялар және көшбасшылық» тақырыбын қамтыды. Оған Абай университетінің әкімшілік қызметкерлері, факультет декандары мен орынбасарлары, кафедра меңгерушілері қатысты. Қысқы мектеп аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер, жоғары білім берудегі жаңа трендтер, міндеттер мен мүмкіндіктер туралы сөз қозғалды. Университет қызметкерлерінің 2025 жылы еңбекақы қорына түсетін салық және әлеуметтік жүктемелеріндегі жаңартулар, мөлшерлемелер және есептеу ерекшеліктері баяндалды. Іссапар шығындары туралы жаңа ережелер мен оқу процесін Abai Digital жүйесіне ауыстыру жайы түсіндірілді. «360 градус әдісі: кешенді бағалау арқылы мұғалімнің дамуы» тақырыбында тренинг өткізілді. Халықаралық университет рейтингтерінің мәні, әдістемесі және мүмкіндіктері де назардан тыс қалмады.

«Заман өзгерістерінің контекстінде педагогикалық шеберлік» секциясы профессор-оқытушылық құрамына арналды. Секция тақырыптары барынша университеттердегі оқытудың жаңашыл тенденцияларына бейімделді. Мәселен, оқу процесін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырудың өзекті мәселелері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, Coursera білім беру платформасында МООК әзірлеу. Жасанды интеллект бойынша университетаралық стандарт, жасанды интеллектті оқу құралы ретінде пайдалану жайы да талқыланды.

Биылғы Қысқы мектеп - 2025 шарасының ерекшелігі - «Педагогикалық мансаптағы алғашқы қадамдар: қиындықтар, мүм-



кіндіктер және табыс» тақырыбында эдвайзерлер мен үш жыл өтіліне жетпеген жас оқытушыларға арналған секциясында болды. Себебі, эдвайзерлердің теориялық және практикалық дайындығын пысықтауда мұндай семинарлар аса қажет - дейді университеттің академиялық қызмет жөніндегі проректоры Бану Нарбекова. Секция мақсаты - жас әріптестерді педагогикалық іс-әрекетке баулу. Жас мамандармен «Педагогикалық миссия: тәлімгерлік білім», «Академиялық адалдық» кодексінің негізгі қағидалары және білім беру үдерісі туралы студенттердің жиі қойылатын сұрақтары талқылады. Дәрістер мен семинарлар шеберлік сағаттарымен өткізілді.

Қысқы мектеп шарасына жалпы 300 ге тарта университет қызметкерлері қатысты. Семинарға белсенді қатысқан факультеттердің профессорлық-оқытушылық құрамы мен эдвайзерлеріне арнайы сертификаттар табысталды.

## ШӘКІРТТЕРДІ МҰҒАЛІМДІК ҚЫЗМЕТКЕ ТАҒАЙЫНДАУ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев арнайы келіп, университеттің профессор-оқытушылар құрамы және студенттермен кездесу өткізді.**

Сапар аясында ведомство басшысы сапалы мамандар даярлау, білім беру бағдарламаларын жетілдіру және үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін дамыту мәселелері және осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Сонымен қатар, министр Ғани Бейсембаев: «Білім басқармаларымен ақылдаса отырып, Абай университетінің барлық шәкірттерін, бірінде қалдырмай мұғалімдік қызметке тағайындау қазірден бастап қолға алынады. Осы арқылы болашақ педагогтың төртінші курсынан емес, бірінші курсынан-ақ қай мектепте және қанша сағатпен жұмыс істейтіндігі анықталады», - деді кездесу барысында.



Сондай-ақ, «Алты алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын - мұғалімдік» деген Мағжан Жұмабайұлының аталы сөзін мысалға келтірген министр, қоғамның басты кейіпкері - ұстаз болуы керектігін атап өтті.

Ал кездесу соңында Ғани Бейсембаев университетіміздің қабырғасынан түлеп ұшқан түлек екенін айта келе, Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орнының ғылым мен білім берудегі әлеуетін жоғары бағалап, еліміз үшін жоғары білікті кадрлар даярлап жатқан педагогтарға алғысын білдірді.

Мұса ЖАЛҒАСҚАЛИ



## ҰЛЫ АБАЙДЫҢ 180 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН КӨРМЕ

**5 наурызда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен бірлескен «Абай жолымен» атты көркемөнер туындыларының ұжымдық көрмесі ашылды. Іс-шара ұлы ойшыл әрі ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұйымдастырылған.**



Бұл айтулы мәдени оқиға – Қазақстанның көркемөнер мәдениетіне өлшеусіз ықпалының жарқын көрінісі, сондай-ақ Абай идеяларын түсіндіруде дәстүрлер мен жаңашылдықты біріктіретін ұрпақтар арасындағы шығармашылық диалог алаңына айналды.

Көрмеге Өнер факультеті профессор-оқытушылары, студенттері мен түлектерінің 80-нен астам кескіндеме, графика, сәндік-қолданбалы өнер туындылары ұсынылды. «Абай жолымен» көрмесі - бұл жай ғана экс-

позициялық көрме емес, тарихқа шолу, қазақ мәдениетінің тұңғығын сезіну және ұлы Абай Құнанбайұлының мұрасына деген жаңа көзқарас. Ұсынылған әрбір өнер туындысы - ақынның мұрасы, оның философиясы және мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтары туралы терең ойды қозғайды.

Көрменің ашылуында ҚР Мемлекеттік орталық музейінің директоры м.а. Галия Темиртон, Абай атындағы ҚазҰПУ Ардагерлер кеңесінің төрағасы, профессор Берікжан Әлмұхаметов, ҚР Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов, Өнер факультетінің деканы Кәрім Байқұтов сөз сөйледі.

Көрме аясында университет оқытушылары мен студенттерінің дәстүрлі қазақ кескіндеме және графика өнерінің техникасы, киіз өңдеу, былғары және кестелеу өнерін қоса алғанда, ұлттық қолөнер түрлерінен шеберлік-сабақтар өткізіледі.

Абай шығармашылығының мәні болып табылатын ұлттық бірегейлік тақырыбына айрықша назар аударылған, ұлы ақынның ұлы мұрасын насихаттайтын көрме алдағы уақытта да өз жалғасын таппақ.

Баспасөз қызметі

## ИНСТИТУТ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Институт директоры мен Факультет декандарының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі тыңдалды.**

Жиын барысында Сорбонна-Қазақстан институтының директоры және Факультет декандары оқу үдерісіндегі, ғылыми зерттеу жұмысындағы және жаңа білім беру технологияларын енгізудегі жетістіктері туралы ақпарат беріп, жыл нәтижелерімен бөлісті.



Айта кетейік, соңғы екі жылда білім алушылар саны көбейді. Бұл Абай университетінің сапалы білім көрсеткіші мен талапкерлердің педагогикалық мамандыққа деген қызығушылықтарының артқандығын көрсетеді. Бүгінде білім алушылар контингенті 17 506 адамды құрап отыр.

Абай атындағы ҚазҰПУ білім беру бағдарламаларының жоғары тиімділігі ұлттық және халықаралық рейтингтермен расталды.

Университет рейтингі:

QS World University Rankings-2025: 671-680 позициялары, қазақстандық ЖОО арасында 5-орынға;  
QS WUR Sustainability-2024: 1101-1150 позициялары, қазақстандық ЖОО арасында 7-орынға;  
QS WUR Asia-2025: 131 орын, қазақстандық ЖОО арасында 4-орынға орналасты.

Еуразия ұлттық университеті базасында педагогикалық кадрларды даярлау бойынша Абай университетінің «Білім беру институтының» ашылуы, университет жанынан Foundation факультетінің, «Қытай тілі және қытайтану» кафедрасының, Лотарингия университеті филиалының ашылуы да жылдың үздік көрсеткіші ретінде өз бағасын алды.

Есептік жиын соңында қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алынды. Сондай-ақ Институт директоры мен факультет декандары алдағы жоспарларын ұсынды.

## «ДАУЫЛДЫ ЖЫЛДАРДЫҢ ЖАЛЫНДЫ ЖЫРШЫСЫ»



**Абай атындағы ҚазҰПУ Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментіне қарасты, Мәдениет және шығармашылық бөлімінің №32 Алматы кітапхана ұжымымен бірлесіп ұйымдастырған Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толуына орай «Дауылды жылдардың жалынды жыршысы» атты әдеби кеш өтті.**

Бұл шара Махамбет Өтемісұлының қазақ әдебиетіндегі орны мен ұлт азаттық қозғалысындағы ұстанымын, батырлық пен ақындық қасиеттерін кеңінен насихаттауға бағытталды. Әдеби кешке, Махамбет Өтемісұлының мұрасы мен ерлігін зерттеп, зерделеп жүрген тұлғалар қатысты. Оның ішінде М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, жазушы Нұрдәулет Ақыш, Махамбет атындағы жыршылар конкурсының лауреаты Мейрамгүл Орашева болды.

Кеште Махамбеттің қайсарлығы мен рухты жырлары шырқалып, батырлығы мен батылдығын насихаттайтын көрме, терең толғаулы жырлары оқылды. Аталмыш шараның ауқымы мен мақсаты Махамбет Өтемісұлының есімін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосқан үлесін үлгі ету.

## ПАНТЕОН-СОРБОННА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілеп Париж 1 Пантеон-Сорбонна университетінің (Paris-1 Pantheon Sorbonne) өкілдерімен кездесу өткізді.**

Сорбонна-Қазақстан институты мен Париж 1 Пантеон-Сорбонна университеті арасындағы академиялық және ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын ілгерілету мақсатында өткен ресми кездесуге Париж 1 Пантеон-Сорбонна университетінің өкілдері, атап айтқанда Халықаралық қатынастар департаменті директорының орынбасары Антуан Девуку Дю Буйссон, тарих кафедрасының доценті, Халықаралық байланыстар жөніндегі деканның орынбасары Франсуа-Ксавье Нерар, Францияның Қазақстандағы елшілігінің университеттік және мәдени жобаларына жауапты Назерке Мұхтарқызы мен Академиялық қызмет жөніндегі проректор Бану Нарбекова, Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректор Айгүл Исакаова, Сорбонна-Қазақстан институтының директоры Айнура Сабитова, Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Баян Сапарғалиева, Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бөлімінің бастығы Айгерім Тавылдиева, Сорбонна-Қазақстан институтының және Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы Лотарингия университеті филиалының француз тілі оқытушысы Светлана Бухина қатысты.

Кездесу барысында Сорбонна-Қазақстан институты мен Париж 1 Панте-



он-Сорбонна университеті арасындағы ынтымақтастықты дамыту жоспарлары қарастырылды. Сонымен қатар екі жақтың мамандарының қатысуымен білім беру курстарын өткізу, өнер және мәдени алмасу саласындағы ынтымақтастық, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске қосу және экономикалық, әлеуметтік даму, туризм, философия және өнер саласындағы ғылыми тағылымдамалар мен практикадан өту үшін магистранттар мен докторанттарды тарту, қос дипломды бағдарламаларды әзірлеу және енгізу жұмыстары талқыланды.

Бұл сапар халықаралық білім мен тәжірибе алмасудың маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, екі беделді оқу орнының байланысын нығайтып, ғылым мен білім саласының жан-жақты дамуына септігін тигізеді деп сенеміз.

Зейін ТАЛҒАТ

## ҚАҮІПСІЗ ОРТА:

БУЛЛИНГТІ БІРГЕ ҚАЛАЙ  
ТОҚТАТУҒА БОЛАДЫ?

**26 ақпанда Абай атындағы ҚазҰПУ Психологиялық қолдау қызметінің ұйымдастыруымен «Қауіпсіз орта: буллингті бірге қалай тоқтатуға болады?» тақырыбында психологиялық семинар өтті.**

Семинардың мақсаты – студенттерге Буллингті түрлері (физикалық, психологиялық, кибербуллинг) және оның салдары туралы білім беру және буллингке қарсы тұрудың практикалық әдістерін таныстыру болды.

Семинарды Психологиялық қолдау қызметінің үйлестірушісі Саида Қосбай жүргізді. Спикер семинар барысында буллингті түрлері мен себеп-салдары, буллингке қарсы тұрудың әдістері, сондай-ақ құқықтық жауапкершілік туралы құнды ақпараттармен бөлісті. Теориялық бөлімнен соң, студенттерге буллинг жайлы әлеуметтік видеоролик көрсетілді. Студенттер видеоролик туралы өз пікірлерін ашық білдірді.

Семинардың екінші бөлімінде, топ мүшелерінің өзара ынтымақтастығы мен сенімділігін арттыруға бағытталған арнайы жаттығулар жүргізілді. Студенттер топтық жұмыстарға белсенді қатысты.

Семинар буллинг мәселесін шешуге бағытталған білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Қауіпсіз ортаны қалыптастыру үшін бірлескен күш жұмсау қажеттілігі атап өтілді.

Шараға Өнер факультетінің 40-қа жуық 1 курс студенттері қатысты.

Айбын МЕЙРАМ



**Абай университетінің спорт құрамасы волейболдан республикалық турнирде I орынды иеленді**

2025 жылдың 8-9 наурызы аралығында Шу қаласында (Жамбыл облысы) халықаралық әйелдер күніне орай волейболдан республикалық турнир ұйымдастырылды. Турнирге Абай атындағы ҚазҰПУ Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті дене шынықтыру және спорт кафедрасының PhD, аға оқытушысы Елдана Ержанова бастаған спорт командасы қатысып, I орынды иеленді.

Жалғасы. Басы 1 бетте



Б.Р.Айтмамбетова, СҒО аясындағы «Педагогика» секциясының мүшелерімен (1976 жыл).

мыстары мен педагогикалық практикаларына үнемі басшылық жасаумен бірге, республикамыздағы «Жыл мұғалімі» байқауын ұйымдастыру-өткізу жұмыстарына да белсене атсалысқан белсенді жан.

Бәлиа апайымыздан тәлім тәрбие алған әрбір шәкірттің қай-қайсысының болмасын, есінде қалар сәттері мол. Ал өзіміздің ол кісінің ең алғашқы дәрісінен алған әсерімді былайша сипаттар едім: «...1972 жылдың күзі, қазіргі Ш.Уәлиханов көшесіндегі оқу орнымыздың «ағаш үй» аталатын ғимаратының №29-шы үлкен аудиториясында отырған бір лектегі 100-ден астам ұл-қыздар алдына орта бойлы, талдырмаш келеген, бидай өңді апай келген беттегі қысқаша таныстықтан кейін, сол күнгі лекция тақырыбы мен оның жоспарын тақтаға жазып, ары қарай «Педагогика» пәні, оның мақсат-міндеттерін баяндаудағы мына сөздері әлі де есімде сақталып қалды: «Біздің қоғамның алдына қойған ең басты мақсаты – жаңа адамды тәрбиелеу. Бұл жаратқандағы ең бағалы жандүние (капитал) – адам болса, ал оны жастайынан тәрбиелеу міндеті мұғалімдерге жүктелген. Сондықтан да сіздер, болашақ мұғалімдер –білімді, тәлімді, салауатты азамат, яғни қорыта айтқанда жан-жақты жарасымды жан болуға тиістісіздер» - дегенді. Иә, апайдың өзі шын мәнінде дәл осындай адам еді, әсіресе қоғамдық жұмыстарға келгенде тіптен «тынымсыз жан» болатын.

Студенттер, осы ұстазымыздың сабағынан қалмауға тырысатын. Оның мәнісі – ондағы қарастырылатын әрбір тақырыптың мазмұнын тереңінен түсіндіріп, әрі оның мағынасын бақайшағына дейін шағып ұғындыратын. Дәріс барысында өзінің қоңыр дауысының ырғағын ондағы баяндалатын мәселеге орай – бірде көтеріңкі, бірде бәсең баяулатып мәнерлі сөйлеп аудиторияны өзіне еліте бар ынтасымен беріле оқып, онда отырған адамды баурап алушы еді. Сондықтан да әрбір білімгер, осы апайдай педагог болсам деп армандайтын. Өзінің байсалдылығы мен ұстамдылығы арқасында тұла бойында бір міні жоқ, тек жақсылық пен шарапат иісі аңқып тұратын кемеңгер адам болуымен қатар, әрі оны шәкірттерінің өң бойына ұялатып дарытсам деген қасиетті ой иесі болатын.

Бәлиа Рахметқызы әрдайым аудиториядан тыс, көбінесе үздіксіз педагогикалық білім беруді ұштастыру арқылы мамандықты жетік меңгеруге бағытталған және студенттердің кәсіби даярлығын шыңдау мақсатындағы іс-шаралар өткізуге өте құштар-тұғын. Сонымен қатар тәжірибелі мұғалімдер мен белгілі ғылым-педагогтермен кездесулер ұйымдастыруға да көп күш салатын. Осындай бір кеште студенттерге апайдың өмірлік жолда-

сы –Қартбай Бекенұлы Бержановпен жүздесудің сәті түскен еді. Иә, 1970 жылдардың бас кезінде студенттер үшін «профессорлармен» кездесу бір ғанибет еді. Оның себебі сол кездегі жоғары оқу орындары қабырғасында бұл мәртебелі атақтың сирек естілуінен бе, әлде басқадай себептерден бе, оны кім білген?! Ал профессор Қ.Б.Бержанов студенттер көкейінде – жастарға деген ізетшіл мінезімен, менмендігі жоқ парасаттылығымен, әсіресе әрбір сұраққа ілезде жауабы даяр дарын иесі екендігімен жатталып қалды. Сонымен қатар сол кеште болған студенттер арасында, педагогика саласының осы қос майталман саңылақтары отасқан жанұя жайлы – «нағыз жұбы жарасқан педагогтар жанұясы « деген ой-пікір де қалыптасты. Біздің топ студенттері, 1976 жылдың қыс айларында 4-курстағы (ол кездегі оқу 5 жыл) педагогикалық практиканы ауылдық жерде өткеріп жүрген мезгілде қайтыс болған Қартбай ағайдың қазасын естіп, бұл қайғылы хабарға бәріміз ауыр қайғырдық.

Ғалым апайдың тағылымды да тиянақты ғылыми жетекшілігінің арқасында оның көптеген шәкірттері аса үздік ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін, Республика оқу-ағарту министрлігі мен Қазақстан жоғары және арнаулы орта білім беру министрліктерінің дипломдарымен марапатталған (олардың сапында осы жолдардың авторы да бар). Ол кісінің педагогикалық үйірме жұмысын шебер жүргізе білуінің нәтижесінде, оның мүшелерінің біразы «Білім» қоғамының лекторлары атанып, олар кейіннен оқу-білім мен тәлім-тәрбие жұмыстарын насихаттау жолында табысты еңбектенді.

Осы жерде Бәлиа апайдың ерінбейтін елгезек және жалықпайтын қамқоршы жан екендігін тебірене отырып еске алуға тура келеді: «...Факультетіміздің қазақ бөлімін 1977 жылғы бітіруші жүзден астам түлектері ішінен қызыл диплом алуға жалғыз ғана үміткер маған, деканымыздың «распределение» кезінде, әзірше сенің мамандығына қатысты аспирантурада бос орын жоқ, бірақ байланысымыз үзілмесіндеген ақылымен жұмысқа жолдаманы қалаға жақын Анатолевқа мектебіне қалап алғанмын. Осында география пәнінен мұғалімдік қызметті енді бастаған шағым, өзіме бекітіліп берілген 8 класс оқушыларының «Қазақстан» совхозының жүзімдік плантациясындағы ауылшаруашылығына көмек жұмыстарын басқарып жүргенмін. Бұл қазан айының бас кезі олатын, аяқ астынан мені мектеп директоры шақыртып, маған Қаз.ПИ-ден «уведомление» бір зат келгендігін, соны аудандық оқу бөліміне барып қол қойып алуым керектігін айтты. Ертесіне аудан орталығына келсем, шынында

да институттан жіберілген бандероль екен, ішінен «Білім» қоғамының лекторы атаулы менің атыма жазылған құжат пен оның есеп кітапшасы және апайдың хаты шықты. Онда хал-жағдайды сұрасқан соң, маған жедел түрде аудандық «Білім» қоғамына тіркелуім және осы бағыттағы жұмыстарға да бірден араласуым керектігі айтылып, қызметіме сәт-сапар тілепті. Содан мен үшін, мұғалімдікпен бірге «Қазақстан» жеміс-жүзім совхозының бастауыш «Білім» қоғамы ұйымының төрағасы қызметін қоса атқаруға тура келді. Бұл, өз жалғасын тауып кейіннен партия-комсомол аппараты жұмыстарында жүргенде де – Октябрь (қазіргі Түркісіб) аудандық және Алматы қалалық «Білім» қоғамдары басқарамаларының мүшесі ретінде, бұл бағыттағы идеологиялық қызметке де тікелей араласуыма көп септігін тигізді. Осы бір өмірден алынған мысалдан-ақ, Бәлиа Рахметқызының қаншама адамды ұстаздық іске дйттеуімен бірге әрулардың қоғамдық жұмыстардағы белсенділігін қалыптастырудағы міндеттеулі ерең еңбегімен қатар, жастарға бағыт сілтегіш тамаша қасиетін де байқауымызға болады.

Профессор Б.Р.Айтмамбетова, талмайтын қажырлы еңбекқорлығы арқасында өз артында 100-ден астам қомақты ғылыми жұмыстар қалдырған жан. Оның ішінде көптеген оқулықтар мен оқу құралдары, сөздіктер мен аудармалар да бар. Дарынды педагогтың, профессор А.А.Бейсембаевамен бірлесіп төл тілімізде жазылған педагогиканың өзекті мәселелерін қамтитын ірілі-ұсақты бірталай кітапшалары (брошюралары) бұл саладағы кітапхана қорына қосылған құнды үлес. Ғалым-ұстаздың кандидаттық диссертацияларға жетекшілік жасауымен қатар, оның бірнеше монографиялық еңбектердің редакторы, ғылыми-педагогикалық орталық хабаршысы бас редакторының орынбасары, педагогика саласындағы журналдар мен ғылыми жинақ тәрізді басылымдардың редакция алқалары мүшесі ретіндегі шығармашылық қызметтері өз алдына бір төбе. Осы қасиетті жастар бойына дарыту мақсатында Бәлиа апайымыздың жетелеуімен талай студенттер қаламдарынұштап, өздерінің алғашқы туындыларын мерзімді баспасөз беттерінде жариялап отыратын. Осы апайымыздың ақыл-кеңесімен менің де педагогика секциясы бойынша факультетіміздегі студенттердің ғылыми қоғамының (СҒО) 1975-1976 оқу жылғы жұмысы жайлы тұңғыш мақалам, сол кездегі оқу орнымыздың «Педагог» газетінде жарық көрген болатын.

Қоғамшыл Бәлиа Рахметқызы өзіне де өзгеге де үлкен талап қоя білетін, ал оны орындау жолында жаны да өзі де нәзік болсадағы тау қопарардай күш иесі-тұғын. Осындай қайсар жігерлі мінезінің арқасында Б.Р.Айтмамбетова - Алматы қалалық кеңесінің депутаты бола жүріп, сайлаушылар аманатын аяқсыз қалдырмай оны іс жүзіне асыру мақсатында біраз жұмыстар атқара білді. Көрнекті ғалымның ұзақ жылғы жемісті еңбегі жоғары бағаланып – «Халықтар достығы» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен, КСРО және Қазақстанның оқу-ағарту ісінің озат қызметкері төсбелгілерімен, көптеген құрмет грамоталарымен марапатталған. Егер де ол кісінің еңбек кітапшасына көз жүгіртсеңіз, ондағы «Жұмысы туралы мәліметтерден» жоғарыда аталған тек 2 мекемедегі қызмет орнын ғана көресіз, ал келесі «Мақтаулар мен мадақтаулар» бөліміндегі марапаттарына келсек – оның ұзын саны отызға келіп жығылады. Осыдан-ақ профессор апайымыздың қаншалықты еңбекқор жан, әрі өз ісіне адал берілген адам екендігін білуге болады.

Айтмамбетова Б.Р.2003 жылдың тамыз айының 23-күні бұл дүниеден өткен,бірақ таоныңнағыз педагог ретінде артында қалдырған өлшеусіз ісі мен ізі де жадымыздан мәңгілікөшпейді. Мұны қызметтес болған әріптестері мен дәріс алған шәкірттері де бірауыздан құптай әрі мойындай отырып, Сіздей ардақты тұлғаның аруағы алдында тағзым етіпұрухыңызға әрдайым бас иеміз. Аса қадірлі Бәлиа Рахметқызы, біз өзіңізді үнемі сағыныш сезімменен еске аламыз – асыл апа, аяулы ана, ардақты ұстаз!

Талғат УВАЛИЕВ,

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Жаратылыстану және география» факультетінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы, п.с.ғ.к., доцент

## : СПЕЦИАЛИСТ, КОТОРЫЙ ОТКРЫВАЕТ МИР ОБЩЕНИЯ

Речь — это важнейший инструмент общения и самовыражения. Нарушения речи могут значительно ограничить человека в жизни, создавая препятствия как в личном, так и в профессиональном общении. В таких случаях на помощь приходит специалист, способный помочь преодолеть эти барьеры – специальный педагог-логопед.

### Кто такой логопед?

Специальный педагог-логопед – это профессионал, работающий с людьми, у которых имеются нарушения речи. Его задача заключается не только в коррекции речи, но и в обучении правильной артикуляции, улучшении фонематического слуха, развитии речи у детей с задержкой речевого развития, а также в помощи взрослым пациентам, страдающим от речевых расстройств, вызванных травмами или заболеваниями мозга.

### Речь как основа общения

Речь является основным инструментом, через который мы общаемся с окружающими. Нарушения речевой функции могут возникать по множеству причин, как врожденных, так и приобретенных. Это может быть связано с заболеваниями центральной нервной системы, расстройствами слуха, аутизмом, психологическими травмами, проблемами развития.

Невозможность полноценно общаться может стать серьезным препятствием на пути социальной адаптации ребенка или взрослого. Поэтому работа логопеда не ограничивается только медицинским аспектом, она включает и педагогическую деятельность, направленную на восстановление, развитие и коррекцию речи, что позволяет человеку вернуться к полноценной жизни.

### Задачи и функции логопеда

#### 1. Диагностика нарушений речи

Основной задачей логопеда является выявление речевых проблем на ранних стадиях. Это может быть как задержка в развитии речи у детей, так и нарушения произношения звуков или грамматических структур. Логопед проводит комплексное обследование, определяя степень нарушения и разрабатывает индивидуальный план коррекции.

#### 2. Коррекция речи

После диагностики специалист разрабатывает специальные коррекционные программы, которые могут включать как индивидуальные, так и групповые занятия. Основной целью является развитие правильной артикуляции, улучшение словарного запаса и грамматических навыков.

#### 3. Работа с родителями и педагогами

Логопеды работают не только с детьми, но и с их родителями, педагогами и другими специалистами, чтобы создать максимально комфортные условия для успешной коррекции. Родители учат, как продолжать развитие речи ребенка в домашних условиях, а педагог помогает адаптировать учебный процесс в школе.

#### 4. Психологическая поддержка

Не менее важной частью работы логопеда является психологическая поддержка пациента. Проблемы с речью могут негативно сказаться на самооценке человека, особенно у детей. Логопед должен создать доверительную атмосферу и поддерживать мотивацию пациента на протяжении всего процесса коррекции.

### Где работают логопеды?

Логопеды востребованы в различных сферах. Они могут работать в детских садах, школах, специализированных учебных заведениях, а также в медицинских учреждениях, коррекционных центрах. Некоторые логопеды оказывают услуги на дому, что особенно важно для детей с ограниченными возможностями здоровья. К тому же, логопеды работают и с взрослыми пациентами, восстанавливая их речь после инсульта, черепно-мозговых травм, а также с людьми, страдающими от различных психических заболеваний.

### Логопед — ключ к успешной социализации

Специальный педагог-логопед играет важную роль в жизни людей, помогая им интегрироваться в общество, развивать навыки общения и становиться уверенными в себе. Особенно это важно для детей, у которых проблемы с речью могут привести к социальной изоляции, а также для взрослых, чей карьерный рост или повседневная жизнь затруднены из-за нарушений речи.

Каждый день логопеды помогают людям открывать для себя мир общения и уверенности, и эта работа требует не только профессионализма, но и большого терпения, чуткости и понимания.

### Заключение

Специальный педагог-логопед – это профессионал, который помогает людям справиться с нарушениями речи, позволяя им вновь научиться общаться, чувствовать себя уверенно и свободно. Его работа необходима и детям, и взрослым, и она направлена на восстановление полноценной жизни, где общение и понимание становятся доступными для каждого.

Е.С. БОРИСОВА,

магистр педагогических наук, факультет педагогики и психологии

## МЕН – ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТІ ҚАЛЫПТАСҚАН АРНАЙЫ ПЕДАГОГ

Қазіргі таңда білім беру саласында ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Инклюзивті білім берудің дамуы мен арнайы педагогиканың жаңа кезеңге көшуі зерттеуші мамандардың қажеттілігін арттырады. Осыған байланысты арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі – зерттеушілік құзырет болып табылады.

**Зерттеушілік құзырет** – болашақ арнайы педагогтың бойында орын алатын бірден-бір қасиет. Арнайы педагог тек оқытушы ғана емес, ол – зерттеуші. Себебі әрбір ерекше бала – өзіндік ерекшеліктері бар дара тұлға. Мұндай балаларды тиімді оқыту үшін педагог әрбір баланың қабілеттерін, мүмкіндіктерін, қиындықтарын жан-жақты зерттеуі қажет. Бұл зерттеушілік жұмыс арқылы педагог жеке оқыту стратегияларын әзірлеп, олардың білім алу үдерісін жеңілдетеді.

Зерттеушілік құзырет арнайы педагогтың аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, инновациялық әдістерді енгізуге мүмкіндік береді

және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуетін ашуға көмектеседі. Мұның барлығы педагогтың кәсіби шеберлігін жетілдіруге ықпал етеді.

**Зерттеуші арнайы педагогтың құзыреттері.**

Зерттеуші арнайы педагог келесі негізгі құзыреттерге ие болуы керек:

- ғылыми-зерттеу дағдылары – теориялық және практикалық зерттеулер жүргізу;
- талдау қабілеті – баланың даму ерекшеліктерін талдап, диагностикалау;
- шығармашылық тәсіл – жаңа әдістермен мен технологияларды қолдану;
- ынтымақтастық – ата-аналармен, әріптестермен және басқа мамандармен бірлескен жұмыс жүргізу;
- өзін-өзі дамыту – жаңа білім мен инновацияларды меңгеру.

**Зерттеушілік мәдениет – педагогикалық жетістіктің келілі.** Зерттеуші арнайы педагогтың табысты болуы үшін зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру маңызды. Бұл үдеріс

үнемі ізденісті, ғылыми жаңалықтарға қызығушылықты, эксперимент жүргізуге дайындықты және зерттеулерді жүйелі түрде жүргізуді талап етеді. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдану арнайы педагогиканың тиімділігін арттырады.

Қорытындылай келе, мен – зерттеуші арнайы педагог ретінде балалардың дамуындағы қиындықтарды жеңуге көмектесіп, олардың әлеуетін ашуға атсалысамын. Әрбір ерекше бала – үлкен мүмкіндіктерге ие, ал педагог-зерттеушінің міндеті – сол мүмкіндіктерді көру, дамыту және іске асыру. Сондықтан зерттеушілік құзырет – тек кәсіби шеберлік емес, бұл – ерекше балалардың болашағына жасалған инвестиция.

**Г.Ж. ЕРЖАНОВА,**

**Арнайы педагогика мамандығының  
3 курс докторанты,  
«Жас ғалымдар» клубының жетекшісі,**

**А. РАХЫМБЕРДІ, Ж. НАУКЕБАЙ,**  
**Арнайы педагогика мамандығының  
4 курс студенттері.**

## «Абайдан Абайға» атты танымдық кездесу кеші

**Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдету оқытатын орта мектеп-интернатында педагогикалық сынып оқушыларына арналған «Абайдан Абайға» атты танымдық кездесу кеші өтті.**

Кеш қонақтары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Кәсіподақ ұйымының төрағасы, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Ы.Алтынсарин» белгісінің иегері, 2004-2017 жылдар аралығында Абай атындағы РММИ-дың директоры қызметін атқарған Мұхтар Ибраимов пен университеттің зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры, ҚР Президенті жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының Жас ғалымдар президиумының мүшесі Ертай Сұлтан болды.

Шара барысында Абай университетінің өкілдері еліміздегі тұңғыш оқу орнының жетістіктерімен бөлісіп, 95 жылдан аса терең тарихы бар университет халықаралық және отандық



рейтингтерде педагогика саласында көшбасшы болып табылатынын, жоғары оқу орны қабырғасында Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Халел Досмұхамедов, Илияс Қабылов, Баймен Алманов, Темірбек Жүргенов сияқты ұлы тұлғалар сабақ бергенін атап өтті.

Айта кетейік, педагог тұжырымдамасы, педагог мамандығы туралы түсініктер мен заманауи мұғалімнің жаңа тенденциялардағы келбеті талқыланды, Абай мұрасы, Әдебиеттік оқудың маңызы мен мақсаты, тұлғалық даму аясында сыр шертілген кештің ұйымдастырушысы п.ғ.к., педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педсынып жетекшісі Бауыржан Сайдахметов болды.

## АТАМЕКЕН CUP-2025 мықтыларды анықтады

**2025 жылдың 22-23 ақпанында Абай атындағы ҚазҰПУ-да Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Толық адам» құндылықтары бағытында «АТАМЕКЕН CUP-2025» XXIII Республикалық пікірсайыс турнирі өткізілді.**

Турнирге барлығы 250-ден астам білім алушы, 64 фракция, 30 жуық төреші қатысты. Турнир жүйесі үздіктер ұстаздар және шәкірттер лигасында анықталды.

Турнирдің екі күндік нәтижесі - Ұстаздар лигасында 1-орынды «Бекзат Саттарханов» фракциясы ХҚТУ (Түркістан қаласы), 2-орынды «LEO» фракциясы СДУ (Алматы облысы), 3-орынды «Жұт» фракциясы Нархоз университеті (Алматы қ.) иеленсе, «Үздік талпыныс» номинациясы - «Айданар жайлы аңыз» фракциясы Тұран университеті (Алматы қ.), «Ең үздік спикер» Мұхамет Айдана, Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ.) студенті, «Үздік спикер» Алишбаев Мұхаммедали, Нархоз университетінің (Алматы қ.) студенті иеленді.



Ал, Шәкірттер лигасы бойынша, 1-орын - «730 ойында» фракциясы Нархоз университеті (Алматы қ.), 2-орын - «Brain art» фракциясы, Тұран университеті (Алматы қ.), 3-орын - «dal solay» фракциясы Нархоз университеті (Алматы қ.), «Үздік делегация» номинациясы бойынша «Көз тимесін» фракциясы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің (Шымкент қ.) студенттері еншіледі.

Барлық жүлдегерлер Басқарма төрағасы-ректордың арнайы Алғыс хат және дипломы, бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Аталған турнирді демеушілікпен қолдаған «Атамекен» пікірсайыс клубының түлектері - Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбай мырзаға, кәсіпкер Данияр Қанқожаға, және екі күндік түскі аспен қамтамасыз еткен кәсіпкер Аяла Мұхамедкерим ханымға алғыс білдіреміз.

**Баспасөз қызметі**

## «Студент және сахна» III республикалық студенттік театрлар байқауы мәресіне жетті

**2025 жылдың 3 наурызында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Еңбек адамы жылына» орай студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту және жастарды ұлттық әрі рухани құндылықтарға баулу мақсатында республикалық «Студент және сахна» III студенттік театрлар конкурсы ұйымдастырылды.**



Конкурсқа 20-ға жуық студенттік театр қатысты. Нәтижесінде Алматы, Астана, Шымкент, Семей және Қызылорда қалаларындағы жоғары оқу орындарының театр ұжымдары финалдық кезеңге жолдама алды. Республикалық деңгейдегі конкурс Бәйтен Омаров атындағы «Жас сахна» театрында өтті.

Конкурсқа арнайы әділ төрелік еткен қазылар құрамына М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының актері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жалғас Толғанбай, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ ұлттық академиялық балалар мен жасөспірімдер театры директорының орынбасары Мақсат Камалов, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының актрисасы Салтанат Бакаева, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ ұлттық академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актрисасы Аида Жантілеуова, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филология факультетінің аға оқытушысы, драматург Шоқан Құттыбаев шақырылды.

Финалдық кезеңде Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Шаңырақ» студенттік театры, Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Думан» студенттік театры, Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Жауқазын» студенттік театры, Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университеттің «Қаракөз» студент-жастар театры, Алматы қаласынан Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Дебют» студенттік театры және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Үркер» студенттік театры бақ сынады.

Конкурс ережесіне сәйкес, студенттік театр ұжымдары қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелерді, әйел тағдырын және оның рөлін терең әрі шынайы сахналап, жас актерлер өз өнерлерін шеберлікпен көрсетті. Олар көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Байқау қорытындысы бойынша: I дәрежелі дипломды «Қаракөз» студент-жастар театры «Қарағөз» қойылымымен жеңіп алды. II дәрежелі дипломмен «Думан» студенттік театры («Ақымақтың қойын дәптері» спектакілі) марапатталды. III дәрежелі дипломды «Шаңырақ» («Танакөз» спектакілі) және «Үркер» («Абай - Тоғжан» спектакілі) студенттік театрлары иеленді. «Көрермен көзайымы» номинациясы «Жауқазын» студенттік театрына берілді.

